

## Салықтық женілдіктерді берудің рәсімін жетілдіру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулысымен бекітілген 1998 жылғы 7 тамыз N 131 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 20 тамызда тіркелді. Тіркеу N 579. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 қаулысымен. ~V001120

Салықтық женілдіктерді берудің рәсімін жетілдіру мақсатында және "Женілдіктер мен преференциялар жүйесі және инвесторлар мен келісім-шарттар жасасу кезінде оларды берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445 U973445\_ Жарлығымен бекітілген Женілдіктер мен преференциялар жүйесі және инвесторлар мен келісім-шарттар жасасу кезінде оларды берудің тәртібі туралы ережеге және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3988 U983988\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Стандартты салықтық женілдіктерді қолдану кезінде негізгі капиталға тікелей инвестициялардың көлемінің шекті мөлшері - 10 млн. АҚШ доллары болып белгіленсін.
2. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:
  - 1) 2000 жылға дейін кезеңге арналған тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін мейлінше маңызды өндірістердің тізімі (1-қосымша);
  - 2) Инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде стандартты салық женілдіктерінің мөлшері және оны берудің тәртібі туралы ереже (2-қосымша);
  - 3) Инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде стандартты салықтық женілдіктерді алуға арналған өтінім (3-қосымша);
3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің мынадай шешімдерінің күші жойылған деп танылсын:
  - 1) "2000 жылға дейін кезеңге арналған тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін мейлінше маңызды өндірістердің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 11 қаулысы;

2) "Жеңілдіктер мен преференцияларды берудің, олардың мөлшерлері мен мерзімдерін айқындаудың тәртібі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 13 маусымдағы N 20 қаулысы;

3) "Алкогольсіз сусындар мен шараптардың өндірісі бойынша стандартталған жеңілдіктер мен преференциялар пакетін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 1 қаулысы.

Төраға

1-қосымша

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің  
1998 жылғы 7 тамыздағы N 131  
қаулысымен бекітілген

2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тікелей отандық және

шетелдік инвестицияларды тарту үшін мейлінше  
маңызды өндірістердің  
ТІЗІМІ

## 1. ӨНДІРІСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Темір жолдар

Темір жол көлігінің жұмысын қамтамасыз ету объектілері

Темір жолдардың жылжымалы құрамын жөндеу

Темір жол вокзалдары

Автомобиль жолдары автовокзал кешендерімен

Әуежайлар әуежай кешендерімен

Аэронавигация объектілері

Теніз және өзен порттары

Су және жер бетіндегі құрылыштар

Көпірлер мен жолөтпелері

Газ құбырлары

Электр және жылу станциялары

Трансформаторлық кіші станциялар мен электр беру желілері (арналығынан басқа)

Электр энергиясын электр тораптарымен жинау, беру және бөлу

Телекоммуникациялық желілер

Селолық жерлер үшін сымсыз спутниктік байланыс жүйесі

Халықаралық және қалааралық байланыс инфрақұрылымы (ақпараттық суперарна)

## 2. ӨНДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП

Киім, жіп мата, аяқ киім, мех және тері бұйымдарын шығару

Жиһаз және фурнитура өндірісі

Картон-қағаз өнімінің жаңа түрлерінің өндірісі

Қағаз массасы, қағаз және картон өндірісі

Қағаз бен картоннан жасалатын бұйымдар өндірісі

Гофриренген картон, қағаз және картон ыдыстар өндірісі

Тұрмыстық және санитарлық мақсаттағы қағаз бұйымдары өндірісі

Жазу қағаздары бұйымдарының өндірісі

Қабырға қағаздары өндірісі

Ауыл шаруашылығы өнімін өнеркәсіптік өндеу

Етті өндеу мен қалбырлау және ет өнімдері өндірісі

Жеміс-жидектер мен көкөністерді өндеу және қалбырлау

Өсімдік және мал майлары мен майлар өндірісі

Тазартылған май өндірісі

Маргарин өндірісі

Сұт өндеу және сұт өнімдері өндірісі  
Ұн өнеркәсібі өнімдерін өндеу  
Қант өндірісі  
Балық шаруашылығы және балық өсіру өнімдерін өндеу  
Балық және балық өнімдерін өндеу мен қалбырау  
Балық өсіру, балық питомниктері мен балық фермаларының қызметі  
Ауыл шаруашылығы өнімін дайындау және сақтау  
Элеваторлар, көкөніс базаларының құрылышы  
Қазіргі заманғы тоқазытқыш қондырғыларының құрылышы  
Балалар тамағының өндірісі  
Кондитер бұйымдары, алкогольсіз сусындар мен шарап өндірісі  
Нан және жаңа пісрілген кондитер бұйымдарының өндірісі  
Ұзақ сақталатын қатпа-тәтті нан, пешеней, бәліш және бәліштер өндірісі  
Шоколад және кондитер бұйымдары өндірісі  
Жеміс-жидектер мен көкөністерден жасалатын шырын өндірісі  
Минералды сулар мен салқыннатқыш сусындар өндірісі  
Шарап өндірісі  
Машиналардың, жабдықтар мен аспаптардың жаңа жоғары технологиялық үлгілерін шығару  
Механикалық жабдық өндірісі  
Двигательдер мен турбиналар өндірісі  
Насостар, компрессорлар мен гидравликалық жүйелер өндірісі  
Крандар мен клапандар өндірісі  
Шестерналар мен беру және қозгалысқа келтірудің механикалық элементтері  
Металлургия жабдығы өндірісі  
Кен өндіру өнеркәсібі мен құрылышқа арналған машиналар өндірісі  
Ауыл шаруашылығы өнімін өндеуге арналған машиналар өндірісі  
Көтергіш және такелажды жабдық өндірісі  
Тоқыма өнеркәсібіне арналған машиналар өндірісі  
Өнеркәсіптік тоқазытқыш және желдеткіш қондырғылары өндірісі  
Станоктар өндірісі  
Медициналық-хирургиялық және ортопедтік икемдегіштер өндірісі  
Көлік құралдары мен көлік жабдығы өндірісі  
Женіл автомобилдер өндірісі  
Жүк автомобилдері өндірісі  
Жолаушы автокөлігі өндірісі  
Мамандандырылған автокөлік өндірісі  
Ауыл шаруашылығы машиналарының өндірісі

Автомобиль жабдығы өндірісі

Кеме жасау

Темір жол жылжымалы құрамының өндірісі

Ұшу аппараттары мен ғарыштық ұшу аппараттары өндірісі

Мотоциклдер мен велосипедтер өндірісі

Өнеркәсіптік электроника мен электр техникасы өнімінің өндірісі

Электронды-есептеу машиналары мен ақпаратты өндеуге арналған басқа да жабдықтардың өндірісі

Электр моторлары, генераторлар мен трансформаторлар өндірісі

Электр бөлу және бақылау аппаратуралары өндірісі

Оқшауландырылған сымдар мен кабельдер өндірісі

Аккумуляторлар мен гальваникалық элементтер өндірісі

Электр лампалары мен жарықтандыру приборлары өндірісі

Двигательдер мен көлік құралдарына арналған электр жабдықтарының өндірісі

Өнеркәсіптік процестерге арналған бақылау жабдықтар өндірісі

Электр техникасы мақсатындағы және электроникалық тұтыну тауарлары өндірісі

Тұрмыстық электр приборлары өндірісі

Беру аппараттарының өндірісі

Дыбыс пен бейне-көріністі қабылдауға, жазуға және қайта туыннатуға арналған аппаратуралар өндірісі

Бақылау-өлшеу приборлары өндірісі

Оптикалық аспаптар мен фотожабдықтар өндірісі

Минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдары өндірісі

Тұрмыстық техника және парфюмерлік-косметика бүйімдары өндірісі

Бояғыштар мен пигменттер өндірісі

Дубильдік заттар өндірісі

Бояулар, эмальдер, лактер, оларға минералды пигменттер өндірісі

Бояулар мен лактердің дайын еріткіштері мен араластырғыштары өндірісі

Сабын, парфюмерия өнімі, тазалайтын және жылтырататын құралдар өндірісі

Дәрі-дәрмектік құралдар мен препараттар өндірісі

Дәрі-дәрмектік дақылдарды өсіру

Фармацевтикалық препараттар өндірісі

Мал дәрігерлігіне арналған дәрі-дәрмектік препараттар өндірісі

Аса жаңа жоғары тиімділікті технологияларды қолдана отырып қара және түсті металдар мен алюминий бейініндегі түпкі істер өнімі өндірісі

Қаңылтыр өндірісі

Ауыр және жеңіл бейіндер (арматура, кабель, темір жол рельстері және басқалар) өндірісі  
Трубалар өндірісі

Жеңіл металдардан жасалған орау-буу (қалбырлық банкілер мен тамақ өнімдеріне арналған қалпақшалар өндірісі, тығындау үшін металл бұйымдар өндірісі) өндірісі

Сым өндірісі

Құрылым материалдарының құрастырмалары мен бұйымдарының ілгерілемелі және жаңа түрлері өндірісі

Құрылым пен өнеркәсіпке арналған металл құрастырмалары өндірісі

Гимараттар мен құрылыштарға, көпірлерге, ангарларға, электр беру желілеріне арналған құрастырмалар мен басқа да құрылым материалдары өндірісі

Құрылымдық кеңістіктік және кәсектік құрастырмалар, үйлердің жабындары мен қаңқаларының мамандандырылған өндірісі

Есік, терезе, есік пен терезе кәсектері, бағандар, қақпалар, жақтаулар, баспалдақтар және т.б. өндірісі

Санитарлық-гигиеналық жабдықтар өндірісі

Әйнек және әйнектен жасалатын бұйымдар өндірісі

Әйнек талшығы өндірісі

Керамикалық оқшаулаулар мен оқшауламалық бұйымдар өндірісі

Керамикалық плиткалар мен плиткалар өндірісі

Тақтайшалар мен кірпіш өндірісі

Цемент, әк және гипс өндірісі

Бетоннан құрылышта пайдалануға арналған бұйымдар өндірісі

Силикат кірпіш өндірісі

Құрылышта пайдалануға арналған гипс бұйымдары өндірісі

Пластмасса трубалар, ПВХ трубалары өндірісі

Қалдықтарды ұқсату

Қоқыс өндейтін зауыттар

Өнеркәсіп қалдықтарын кәдеге жарату

Фосфоры бар рудаларды өндеу

Сары фосфор мен оның туындыларының өндірісі

### **3. АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ОБЪЕКТИЛЕРИ**

Жоғары және орталық органдардың Астана қаласына орналасуына байланысты обьектілер

### **4. ТҮРГЫН ҮЙ, ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОБЪЕКТИЛЕРИ**

Коммерциялық тұрғын үй

<\*>

Денсаулық сақтау және білім обьектілері

Бұқаралық спорт, демалыс, мәдениет және туризм обьектілері

---

<\*>

- Жеке тұрғын үй құрылышын мемлекеттік қолдау бөлек заңмен регламенттеледі.

### **5. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

Озық технологиялардың негізінде дәнді, техникалық және май дақылдарын есіру

Жоғары өнімді өсімдік шаруашылығының тұқымдық сорттарының өндірісі

Мал мен құстың жоғары өнімді тұқымдарын, сондай-ақ асыл тұқымды табынды жасау және өрістету

Жоғары тиімділікті, экологиялық таза жемдер мен жемдік қоспалар өндірісі.

2-қосымша

Инвестициялар жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің  
1998 жылғы 7 тамыздағы N 131  
қаулысымен бекітілген

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде  
стандартты салық женілдіктерінің мөлшері және  
оны берудің тәртібі туралы ереже

### 1. Жалпы бөлім

1. Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының және Қазақстан Республикасы  
Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445 U973445\_ Жарлығымен және "  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3445  
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан  
Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3988 U983988\_  
Жарлығымен бекітілген Женілдіктер мен преференциялардың жүйесі және  
инвесторлармен келісім-шарт жасасу кезінде оларды берудің тәртібі туралы  
ереженің негізінде әзірленді.

2. Ереже экономиканың басым секторларына инвестицияларды жүзеге асыру  
кезінде ұйымдар мен жеке кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің стандартты салықтық  
женілдіктердің (бұдан әрі - стандартты женілдіктер) мөлшері мен оларды берудің  
тәртібін айқындауды.

3. Стандартты женілдіктерді берудің шарттары мыналар болып табылады:

- 1) инвестициялық жобаның Қазақстан Республикасы Инвестициялар  
жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен "2000 жылға дейін кезеңге арналған  
тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін мейлінше маңызды  
өндірістердің тізімінің" негізінде айқындалатын экономиканың басым  
секторларының тізбесіне жататындығы;
- 2) женілдіктерді беру сәтінде дискотталған 10 миллион АҚШ долларынан

аспайтын негізгі капиталға тікелей инвестициялардың жалпы көлемі.

4. Стандартты жеңілдіктер табыс салығын, жер салығын және мұлік салығын төлеуден толық немесе ішінара босату түрінде беріледі.

5. Стандартты жеңілдіктер, егер стандартты жеңілдіктерді алуға арналған өтінімді беру жылынан кейінгі соңғы үш күнтізбелік жыл бойынша үйым зиян шеккен болса берілмейді.

**2. Стандартты жеңілдіктердің түрлері, мөлшерлері  
және оны берудің мерзімдері**

6. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті стандартты жеңілдіктерді мына кестеге сәйкес береді:

N	Экономиканың басым секторының атауы	Инвести. циялардың жалпы көлемі, млн. АҚШ дол. ларында (дисконт)	Табыс жыл	мұлік жыл	Жер жыл	Мыналардан босату
1	Өндірістік инфрақұрылым	2-ні қоса алғанға дейін	3	3	3	
			2-ден 4-ті қо.	4	4	
			са алғанға			
			дейін			
			4-тен 6-ны қоса алғанға	5	5	
			дейін			
			6-дан 8-ді қо.	5+3 (50%-ке са алғанға дейінгі дейін   ынша)	5+3 (50%-ке дейінгі дейінгі   ынша)	

		8-ден 10-ды  5+5 (50%-ке 5+5 (50%-ке 5+5 (50%-ке	
		коса алғанға  дейінгі  дейінгі  дейінгі	
		дейін  ставка бой. ставка бой. ставка бой.	
		ынша)  ынша)  ынша)	
2	Өндеші өнеркәсіп 2-ні қоса   3   3   3		
	алғанға дейін		
	2-ден 4-ті   4   3   4		
	коса алғанға		
	дейін		
	4-тен 6-ны   5   5+1 (50%-ке  4		
	коса алғанға    дейінгі		
	дейін    ставка бой.		
	ынша)		
	6-дан 8-ді  5+3 (50%-ке 5+4 (50%-ке 5+2 (50%-ке		
	коса алғанға  дейінгі  дейінгі  дейінгі		
	дейін  ставка бой. ставка бой. ставка бой.		
	ынша)      ынша)		
	8-ден 10-ды  5+5 (50%-ке 5+5 (50%-ке 5+5 (50%-ке		
	коса алғанға  дейінгі  дейінгі  дейінгі		
	дейін  ставка бой. ставка бой. ставка бой.		
	ынша)      ынша)		
3	Астана қаласының 2-ні қоса   2   2   2		
	объектілері  алғанға дейін		
	2-ден 4-ті   4   5   3		
	коса алғанға		
	дейін		
	4-тен 6-ны  5+1 (50%-ке 5+2 (50%-ке  5		
	коса алғанға  дейінгі  дейінгі		
	дейін  ставка бой. ставка бой.		
	ынша)      ынша)		

				6-дан 8-ді	5+3 (50%-ке	5+3 (50%-ке	5+1 (50%-ке					
				қоса алғанға	дейінгі	дейінгі	дейінгі					
				дейін	ставка бой.	ставка бой.	ставка бой.					
				ынша) ынша) ынша)								
				8-ден 10-ды	5+5 (50%-ке	5+5 (50%-ке	5+5 (50%-ке					
				қоса алғанға	дейінгі	дейінгі	дейінгі					
				дейін	ставка бой.	ставка бой.	ставка бой.					
				ынша) ынша) ынша)								
				4	Тұрғын үй, әлеу.	2-ні қоса	3	3	2			
				меттік сала және	алғанға дейін							
				туризм обьектіле.								
				2-ден 4-ті	4	5	3					
				қоса алғанға								
				дейін								
				4-тен 6-ны	5+1 (50%-ке	5+2 (50%-ке	5					
				қоса алғанға	дейінгі	дейінгі						
				дейін	ставка бой.	ставка бой.						
				ынша) ынша)								
				6-дан 8-ді	5+3 (50%-ке	5+3 (50%-ке	5+1 (50%-ке					
				қоса алғанға	дейінгі	дейінгі	дейінгі					
				дейін	ставка бой.	ставка бой.	ставка бой.					
				ынша) ынша) ынша)								
				8-ден 10-ды	5+5 (50%-ке	5+5 (50%-ке	5+5 (50%-ке					
				қоса алғанға	дейінгі	дейінгі	дейінгі					
				дейін	ставка бой.	ставка бой.	ставка бой.					
				ынша) ынша) ынша)								
				5	Ауыл	2-ні қоса	4	4	5+5 (50%-ке			
				шаруашылығы	алғанға дейін				дейінгі			

	дейін     ставка бой. ставка						
	ынша)  бойынша)						
<hr/>							
4-тен 6-ны  5+1 (50%-ке  5+3 (50%-ке 5+5 (50%-ке							
коса алғанға  дейінгі  дейінгі  дейінгі							
дейін     ставка бой. ставка бой. ставка							
ынша)  ынша)  бойынша)							
<hr/>							
6-дан 8-ді  5+3 (50%-ке  5+4 (50%-ке 5+5 (50%-ке							
коса алғанға  дейінгі  дейінгі  дейінгі							
дейін     ставка бой. ставка бой. ставка бой.							
ынша)  ынша)  ынша)							
<hr/>							
8-ден 10-ды  5+5 (50%-ке  5+5 (50%-ке 5+5 (50%-ке							
коса алғанға  дейінгі  дейінгі  дейінгі							
дейін     ставка бой. ставка бой. ставка бой.							
ынша)  ынша)  ынша)							
<hr/>							

Ескерту: жүйелі 5 жылға дейінгі мерзімді қоса алғанда салықтардың тиісті түрлерін төлеуден 100 проценттік босату беріледі. Келесі жылдарға жеңілдіктер салық ставкаларын 50 проценттен аспайтын төмендету түрінде беріледі.

7. Табыс салығымен есеп айырысу кезінде стандартты жеңілдіктерді айқындау базасы мыналар болып табылады:

- мақсаты жаңа өндіріс құру болып табылатын жаңадан құрылған немесе қызметін енді ғана бастаған жеке кәсіпкер үшін - алатын салық салынатын табысы;

- жұмыс істеп түрған ұйым үшін - келісім-шартты жасау жылынан кейінгі және дағдарыстың орташа жылдық тиісті индексіне түзетілген (Ұлттық статистика агенттігінің деректеріне сәйкес) соңғы үш күнтізбелік жылдың бірінде алынған барынша көп салық салынатын табыспен салыстыру бойынша салық салынатын табыстың өсімі. Егер ұйым немесе жеке кәсіпкер үш жылдан аз жұмыс істеген жағдайда - жұмыс кезеңіндегі (күнтізбелік жылдар) барынша көп салық салынатын табыспен салыстыру бойынша салық салынатын табыстың өсімі.

Жұмыс істеп түрған ұйым үшін салық салудан босатылатын салық салынатын табыстың өсімін айқындау кезінде келісім-шарт жасағаннан кейін пайда болған

қызметті жүзеге асырудан алынған табыстар есепке алынбайды.

Стандартты женілдіктерді айқындаудың есеп айырысу базасын салық қызметінің органдары Стандартты женілдіктерді айқындаудың есеп айырысу базасын салық қызметінің органдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес салық төлеушіні тіркеу орны бойынша жүргізеді.

8. Жұмыс істеп тұрған ұйымға табыс салығы бойынша женілдіктер беру салық қызметі органдарының және Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі комитеті белгілеген негізгі қаражат өсімінің сәтінен бастап жүзеге асырылады.

9. Жер салығымен және мулік салығымен есеп айырысу кезінде стандартты женілдіктерді айқындау базасы жаңа немесе қосымша іске асырылған жер участелері мен инвестициялық жобаны іске асыруға қажет жаңа немесе қосымша салынған үйлердің, ғимараттардың, сатып алынған жабдықтардың құны қызмет етеді.

### 3. Стандартты женілдіктерді берудің тәртібі

10. Стандартты женілдіктер Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісім-шарт жасасу кезінде беріледі. Жұмыс істеп тұрған ұйымдар үшін стандартты женілдіктер осы Ереженің 8-тармағына сәйкес беріледі.

11. Келісім-шарт жасасу мақсатында ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне белгіленген нысандағы өтінім мен қажетті құжаттарды табыс етуі тиіс.

12. Келісім-шартта көрсетілген стандартты женілдіктердің қолданылу мерзімі осы Ереженің 2-бөлімінің 1-тармағында аталған ең ұзақ мерзімдерден аспауы тиіс.

13. Келісім-шарт инвестицияларды салудың шекті мерзімдері бойынша инвестордың міндеттемелері кіретін (өндірістік объектілерді, жабдықтарды іске қосу) қажетті тоқсан бойынша жұмыс бағдарламасын айқындайды.

### 4. Стандартты женілдіктердің қолданылуының тоқтатылуы

14. Стандартты женілдіктердің қолданылуы келісім-шарттың орындалуы жағдайында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен қолданылып жүрген заңдарда көзделген негіздерде келісім-шарт бұзылған жағдайда тоқтатылады. Бұл ретте ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер шығынды және инвестициялық жоба қызметінің кезеңінде Қазақстан

Республикасының заңдарында көзделінуіне орай толық төленбegen салық сомасы мен келісім-шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкцияларын өтейді.

### 3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің  
1998 жылғы 7 тамыздағы N 131  
қаулысымен бекітілген

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде стандартты

салық женілдіктерін алуға арналған  
ӨТІНІМ

#### I. Инвестор туралы деректер

1. Заңды тұлғаның атауы немесе жеке адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты (ФАӘ)

---

2. Пошталық мекен-жайы:

---

3. Банктік деректемелері (СТН қоса алғанда)

---

4. Ұйымның бірінші басшысы немесе жеке кәсіпкер туралы қысқаша резюме:

---

телефон \_\_\_\_\_ факс \_\_\_\_\_ эл.пошта \_\_\_\_\_

5. Жоба менеджерінің қысқаша резюмесі:

---

телефон \_\_\_\_\_ факс \_\_\_\_\_ эл.пошта \_\_\_\_\_

II. Инвестициялау үшін таңдап алғынған экономиканың басым секторы және жобаның қысқаша сипаттамасы (инвестициялардың жалпы көлемін, негізгі капиталға инвестициялардың көлемін және жобаның өзін өтеу мерзімін көрсетіп) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

III. Инвестордың қаржы мүмкіншіліктері

Қаржыландыру көздері

---

IV. Инвестордың техникалық және ұйымдастыру мүмкіншіліктері

1. Бұрынғы жобалардың тәжірибесі:

---

2. Ұқсастығы:

---

3. Жаңалығы:

---

V. Инвестордың инвестициялық жобаны толық және дер уақытында іске асыру міндеттемесі

---

Өтінімге сараптама үйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ келісім-шартты сараптау мен дайындау кезінде инвестор Комитетке барынша қолдау мен жәрдем көрсетеді, барлық ақпаратты табыс етеді.

Өтініш жасаушы өтінім мен оған қоса берілген құжаттардағы ақпараттың дәл және ақиқат екендігін мәлімдейді және оған кепілдік береді.

Инвестор \_\_\_\_\_  
(қолы, мөр)

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- 1) сауда реестрінен заңдастырылған көшірме немесе инвестордың шетел мемлекетінің заңдары бойынша заңды тұлға екендігін күэландыратын басқа құжат, ал қазақстандық заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу туралы күеліктің және статистикалық кәртішкенің (заңды тұлғалар үшін) нотариалды күэландырылған көшірмелері;
- 2) жарғы (заңды тұлғалар үшін);
- 3) жеке кәсіпкердің салықтық тіркелуін растайтын құжаттың нотариалды күэландырылған көшірмесі;
- 4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік

комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жобаның қысқаша техникалық-экономикалық негіздемесі (қысқаша бизнес-жоспар);

- 5) соңғы үш жылдағы (немесе жұмыс істей кезеңіндегі) жиынтық жылдық табыс және жүргізілген шегерімдер туралы декларациялардың көшірмесі;
- 6) жаңадан салынған ғимараттардың, құрылыштардың немесе сатып алынған жабдықтардың құны туралы анықтамалар;
- 7) қосымша пайдаланылатын жер участеклерінің мөлшері мен құны туралы анықтама;
- 8) инвестордың қаржылық мүмкіншілігін растайтын құжаттар.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК